

Жол – көлік колледжі
Қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысы

Хаттама № 3

31.10.2023ж. Шымкент қаласы

Төраға: Х.А.Сарсенов

Хатшы: Г.С.Тажобекова

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері, колледж директоры Г.Ү.Искакова және директор орынбасарлары

Күн тәртібі:

1. Білім беру ұйымының 2023-2024 оқу жылында атқарылатын іс-шаралар жоспарымен танысу. *Жауапты: Білім беру ұйымының басшысы Г.Ү.Искакова*
2. Колледждегі тәрбие бағыты бойынша ағымдағы және жоспарға сәйкес атқарылған жұмыстар және ата-аналар мен колледж арасындағы байланысты күшейту, оқу процесімен жақын таныстыру мақсатында өткізіліп жатқан іс-шаралар туралы
Жауапты: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Ешимов
3. Жетім балаларды, қамқорлықтағы және аз қамтылған отбасынан шыққан балалар, сонымен қатар девиантты мінез-құлықты (тәуекелге бейім) білім алушылар туралы ақпараттық есеп
Жауаптылар: Білім беру ұйымының әлеуметтік педагогі Ж.Қуанышбекова, педагог-психолог Ф.Омарова
4. Әр түрлі мәселелер

1. Тғыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов кеңестің отырысын ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша уақыт регламентін белгіледі және күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша білім беру ұйымының басшысы Г.Ү.Искаковаға сөз берді.

1.1.Тғыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша білім беру ұйымының басшысы Г.Ү.Искакова колледждің жұмыс жоспарына сәйкес, атқарылған жұмыстардың орындалу барысын айтып өтті. Оқу-тәрбие процесін жүргізуге байланысты оқу бағдарламалары, ОӘК, әрбір құрылымдық бөлімнің жылдық жоспарлары, оқу графигі, сабақ кестесі, т.б. құжаттардың бекітілгенін, ата-аналар жиналысының және 2НК есебі, жас оқытушыларға семинар өткізілгенін, сонымен қатар 4 кабинетке арнайы есеп шот қаражатынан заманауи үлгідегі парта орындықтарымен сатып алынғанын айта келе, алда атқаратын жұмыстарға тоқталды. Бекітілген кесте бойынша пәндік, спорттық үйірмелердің талапқа сай жүргізілуін қадағалау, республикалық Ворлдскиллс чемпионатына дайындық жүргізу, өндірістік практика өткізу базаларын көбейту мақсатында жаңа әлеуметтік әріптестермен меморандумға тұрып, келісім-шарттар жасау, пәнаралық олимпиадалар өткізу, оқытушыларға қойылатын жаңа біліктілік арттыру курстарынан өтуін қадағалау, құрылымдық бөлімшелердің жұмыстары мен оқу процесінің талапқа сай жүруін бақылау мақсатында сапа менеджмент жүйесінің талаптарына сәйкес жылына 2 рет ішкі аудит өткізу және т.б. атқарылатын жұмыстарға тоқталды. Сондай-ақ оқу кабинеттеріне сенсорлық тақталар алу, арнайы спорттық жарыстарға біркелкі спорттық киімдер алу, мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасау талаптарына сәйкес пандусты қайта жөндеу, оған көтергіш орнату жұмыстарын жүргізу, келесі жылы бөлінетін қаржыға оқу ғимаратының жылу жүйесіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді ендіру, үнемделген қаржы есебінен колледж алдының фасадын көгалдандыру, жөндеу-көркемдеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отырғанын және барлық пәндер бойынша үйірме жұмыстарын жүргізіп, сәуір айында қорытынды ретінде апталығын өткізу, «Жылдың үздік оқытушысы», «Таным-өнер-спорт», Жылдың үздік циклдік комиссиясы»

тағы басқа да байқауларын ұйымдастыру жоспарланып отырғанын айтты. (Баяндама қосымша тіркелді).

2.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Ешимов:

Колледждегі тәрбие бағыты бойынша ағымдағы және жоспарға сәйкес атқарылған жұмыстар және ата-аналардың бала тәрбиесіндегі құқықтық және психологиялық біліктілігін жетілдіру мақсатында ұйымдастырылатын іс-шараларға тоқталып өтті. Тәрбие жұмысының табысты болуының басты кепілі - колледж бен ата-ана арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынас екенін, отбасы мен білім мекемелері мамандарының бірлесіп әрекеттесу негізінде өзара мүдделілік, бір-біріне сенімділік, қолдау мен көмек көрсету, шыдамдылық пен бір-біріне төзе білу принципі болу керектігін, қазіргі кезде оқушылардың тәрбие ісін әрі қарай жетілдіру отбасы мен колледждің бірлескен жұмысын дамыта және нығайта түсу арқылы жүзеге асатынын, отбасы мен колледждің немесе топ жетекші мен ата-ананың бірлесіп жасаған жұмыс нәтижесінде жанашыл, шығармашыл, жан-жақты мәдениетті, саяси сауатты жеке тұлға қалыптастырылатынын, осыған байланысты 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарында көрсетілген барлық іс-шаралар өз мерзімінде жүргізіліп жатқанын айтып өтті. (Баяндама қосымша тіркелді)

3.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі келесі мәселе - жетім балаларды, қамқорлықтағы және аз қамтылған отбасынан шыққан балалар, сонымен қатар девиантты мінез-құлықты (тәуекелге бейім) білім алушылар туралы ақпараттық есеп туралы колледждің әлеуметтік педагогі Ж.Қуанышбекова сөз алып, «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздері мен түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына сәйкес, екінші жарты жылдыққа колледж бойынша әлеуметтік көмек қажет ететін оқушылардың тізімін жасақталғанын айтып, төмендегі мәліметтермен арнайы слайд арқылы таныстырып өтті. 2023-2024 оқу жылы бойынша:

Көп балалы отбасынан шыққандар	621 оқушы
Аз қамтылған және толық емес отбасының шыққандар	59 оқушы
Жұмысшы мамандықтар бойынша	321 оқушы
Жетім балалар	15 оқушы
Қамқоршысы бар	14 оқушы
Жас өспірімдер үйінде	1 оқушы
Барлығы	1016 оқушы

Сонымен қатар жетім балаларға берілетін әлеуметтік көмек түрлеріне де тоқталып өтті.

Жетім балаларға	көлемі
Ыстық тамаққа күндігіне(тұл жетім) оқушыларға	1983 теңге 7 тиын
Ыстық тамаққа күндігіне оқушыларға	793 теңге 23 тиын
Қыстық киіміне тұл жетім оқушыларға	105 400 теңге
Киім-кешекке бітіруші тұл жетім тұлөктерге	303 800 теңге
Бітіруші тұл жетім тұлөктерге жәрдем ақы	4 МРП

3.1.Тыңдалды: Колледждің педагог-психологі Ғ.Омарова:

2023-2024 оқу жылында қабылданған білім алушылармен танысу топ сағаттарында жүргізілгенін, 1-15 қыркүйек арлығында барлық топтардан психологиялық карта жинақталғанын, ол жерде баланың жеке басына және отбасына қатысты барлық ақпараттар көрсетілгенін, оқу топтары арасынан тәуекел топтағы 6 студент тіркелгенін айтып өтті.

№	Тобы	Аты-жөні	Мінез ерекшеліктері	Топ жетекшісі
1	ТҰРАТ 9-231	Сұлтан Нұрасыл	Қатты эмоционалды, эмоциясын игере алмай қалады, қатты қуанса, қорыққан жағдайларда жылап жібереді	А. Айнақұлова
2	САД 9-231	Камалбеков Мейіржан	Тәрбиеге көнбейді, қырсық мінезі байқалады, жауапкершілігі төмен	Д. Жұмашбекова
3	ТМ 9-224	Скандиров Жұматай	Тәрбиеге көнбейді, анасын тыңдамайды, әкесі қайтыс болған, әлеуметтік жағдайы төмен. Сабақтан көп қалып қояды	Г. Арқабаева
4	АЭ 9-212	Қасиет Мақсат	Тәрбиеге көнбейді, анасын ана құқығынан айырған, әкесі қайтыс болған, ағасының қамқорлығында, әлеуметтік жағдайы төмен. Сабақтан көп қалып қояды	А. Наурызбаева
5	ТМ -223	Баймағанбетов Мақсат	Анасы қайтыс болған, әкесі белгісіз нағасы әпкесінің қамқорлығында әлеуметтік жағдайы төмен. Сабақтан көп қалып қояды	М. Токсанбаева
6	ТМ -223	Амирбеков Михаил	Анасы ана құқығынан айырған, әкесі белгісіз. Жасөспірімдер үйінде тұрады. Мемлекет қамқорлығында Сабақтан көп қалып қояды	М. Токсанбаева

Тәуекел тобындағы есепке алынған студенттермен әуелі әңгімелесу әдісі, сонан соң сауалнама, тест, психологиялық әдістемелер жүргізілгенін, әр әдістеме жүргізу барысында жаман қасиеттің салдары неге алып баратындығы жайлы психокоррекциялық жұмыстар жүргізілгенін, сонымен қатар, топ жетекшілерімен байланыс орнатылғанын, сонымен қатар колледждің әлеуметтік педагогі Ж.Қуанышбековамен бірге қамқорлықтағы оқушылардың отбасылық және тұрмыс жағдайымен танысу мақсатында тұрғылықты мекен-жайларына барып, әлеуметтік жағдайымен танысып қайтқандары жөнінде айтып өтті.

4.Тыңдалды: Қамқоршылық кеңес мүшесі, Әсет Нұргүл Сүйінбайқызы:

Білім ордасында оқу-тәрбие жұмысын жан-жақты бақылауда ата-аналар мен колледж арасындағы байланысты күшейту, оқу процесімен жақын таныстыру мақсатында өткізіліп жатқан іс-шаралар туралы айта келе, жалпы колледжде оқу-тәрбие процесі жоғары деңгейде жүргізіліп, барлық іс-шаралар арнайы жоспарға сәйкес өткізілетінін, сонымен қатар тәрбие жоспарына сәйкес, апта сайын түрлі тақырыпта тәрбие сағаттары өткізілетінін, бұндай тәрбие сағаттарының студенттерге берері көп екенін, сонымен қатар білім алушылардың ата-аналарымен бірлесіп бірнеше іс-шаралар өткізілгенін, «1 Қазан – Қарттар күніне» орай «Ардагерлерді ардақтайық» іс-шарасы аясында колледж айналасында тұратын жалғыздікті қарттардың үйіне барып, студенттер аулаларын тазалап, өз көмектерін тигізіп қайтқанын, бұдан да басқа колледжішілік жарыстар, тренингтер, спорттық турнирлер, дебат үздіксіз өтіп жататынын, студенттерер музейге, жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен түрлі іс-шараларға қатысатынын, бұның барлығы фейсбук желісіне үздіксіз жарияланып отыратынын, топ жетекшілер барлық атқарылған жұмыстар бойынша есеп беріп, ата-аналарды хабардар етіп отыратынын, бұл атқарылып жатқан жұмыстар колледж директоры Гүлзат Үкібайқызының үлкен жауапкершілігі мен талапшылдығының және жоғары деңгейде ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында екендігін айта келе, колледж ұжымы

алдағы уақытта да үлкен биіктерден көрінетініне сенім білдіретінін айтып, колледж ұжымына, ұстаздарына өз алғысын білдірді.









Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар мен алға қойған мақсаттар негізінде барлық өткізілетін іс-шараларға үлкен жауапкершілікпен қарап, өткізу қажеттігіне тоқтала келе, кеңес жұмысы жыл бойы үздіксіз жүргізілетінін айтты.


Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес мәжілісінде айтылған барлық мәселелер ескерілсін.
2. Білім беру ұйымы басшысының жасаған баяндамасы ескерілсін.
3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Ешимовтың жасаған баяндамасы ескерілсін және тәрбие процесіне қатысты бала тәрбиесіндегі құқықтық және психологиялық біліктілігін жетілдіру мақсатында ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспарға сәйкес жүргізілсін. *Жауапкершілік директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктелсін.*
4. Білім беру ұйымы әлеуметтік педагогі мен педагог-психологі жасаған мәліметі негізінде әлеуметтік жағдайы төмен білім алушының білім алуы мен тұрмыстық жағдайы және тәуекел тобындағы білім алушылардың тәртібі үнемі бақылауға алынсын. *Жауапкершілік білім беру ұйымының басшысына жүктелсін.*
5. Қамқоршылық кеңестің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар өз деңгейінде жүргізілсін. *Жауапкершілік Қамқоршылық кеңес төрағасы мен мүшелеріне жүктелсін.*

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Баймуратов Мусиралы Нуранбаевич 
2. Байзақова Сабира Мұратқызы 
3. Әсет Нұргүл Сүйінбайқызы 
4. Жүсіпбек Бағдат Жәнібекұлы 
5. Қалдыбаева Динара Жүсіпқызы 
6. Аширова Камшат Шекербековна 
7. Абдыхалилова Мукаддам Пардаевна 
8. Дабылова Марал Алдабергенқызы 

Мәжіліс төрағасы

 Х.А.Сарсенов

Хатшы:

 Г.С.Тажибекова